



Сабақтың тақырыбы:
(тіл дамыту)

“Зообакқа саяхат”





Сабақтың тақырыбы:
(сауат ашу және жазу
негіздері)

Мақсаты:

- Балаларға зообақ туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау.



Сабақтың міндеттері:

- Балаларды зообақта мекендейтін кейбір аңдардың ерекшеліктерін салыстыра айтуға, ажыратуға үйрету.
- Балалардың сөздік қорын молайту және дара логикалық ойлау қабілетін дамыту.
- Жан-жануарларды қорғауға, қамқор болуға, оларға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.



Сабақ әдісі:

- Ойын, сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрініс көрсету.

Сабақ түрі:

- Саяхат сабақ

Саяхат сабақ

Суретті плакаттар.

Аңдар суреттері.

Ағаш, тоғай, гүлдер.

Полотно, әріптер



Сабақ барысы:



- “Хайуанаттар әлемі” атты әңгімені мәнерлеп оқу.
- Әңгімеде не туралы айтылған?
- Айнұр қайда барды? Кіммен барды?
- Көкесі Айнұрдың басынан сипап не деді?
“Ақылыннан айналдым, өйткені олар бізді күтеді ғой” - дегенді қалай түсінесіңдер?
- Ал сендер зообаққа бардыңдар ма?
- Онда не көрдіңдер?
- Кім апарды?
- Енді, бізде бүгін бәріміз зообаққа саяхатқа шығайық, ережелерді қайталаймыз.
- Басқа сыныпқа ағаш, гүл, шөптерді орналастырып дайындап қоямыз.



- Айналаға қарандаршы:
- Зообақ қандай әдемі.
- Зообақта ағаштар, түрлі шөптер, гүлдер өседі және жабайы аңдар болады. Бәрі бізді күтіп тұрғандай. Біз оларды жақсы көретімізді сезеді.
- Бұл зообақтағы жабайы аңдарға адамдар қамқорлық жасайды.
- Ол аңдарды атуға, тисуге болмайды. Зообақтағы ағаштарды кесуге, жұлуға болмайды т.с.с.



- Балалар мұнда шалынып қалмандар.
(дiңгек)
- Мұнда бiреудiң үйi бар сияқты.
- Бұл не? (кiрпi)
- Кiрпi қандай болады? Түсi қандай?
(Балалардың жауабы) Балалары
барғой деймiн.
- Олар ненi жақсы көредi? (сүт iшкендi)
- Онда кiрпiлерге сүт берейiк.




- Балалар, ағаш басында отырған нелер? (тиіндер)
- Тиіндер үйлерін қайда жасайды екен? (ағаштың қуысына)
- Қарандаршы! Тиіндердің анасы жылап отырған сияқты.
- Неге, сұрайықшы.
- Балалар, ол бір баласын жоғалтып алдым- дейді. Сендер көрген жоқсындарма? Іздейікші. (тауып, іліп қоямыз)
- Неше баласы бар екен? (үш)
- Тиіндер немен көріктенеді? Олардың ең жақсы көретіні жаңғақ екен. Теріп берейік.
- Жылама, тамақтанып ал.
- Ол сендерге рахмет айтты.





- Абайлаңдар, балалар, ана ағаштардың арғы жағында нелер жүр?
- Ия, бұл аюлар. Олардың түсі қандай?
- Қасындағы кішкентай баласын не деп атаймыз? (қонжық)
- Аюлар нені жақсы көреді? (бал)
- Онда оларға бал берейік.
- Сергіту сәті.



PICZO.COM




- Ой, мына тоғайдың артында бір нәрсе жасырынып тұр ғой деймін.
- Не екен көрейікші? (қоян)
- Қоян қандай? (түсін, түрін, мінез-құлқын аңықтау)
- Қоян немен көректенеді?
- Қоянға сәбіз берейік.



- Ал, мына үйде кім тұрады екен?
- Айналасы қандай әдемі, таза, гүлдер егілген.
- Гүлдердің түстері қандай? (қызыл, сары, көк)
- Есігін қағып көрейік. Ашпайды.
- Терезесінен қарайық. Көрінбейді. Бұл не?
- Осы үйде тұратын аң бізге жұмбақ жасырамын дейді. Шешуін табамызба?
- Өзі қу, әрі айлакер,
 Жүрген жері айқай да шу
- Бұл үйде кім тұрады екен? (тұлкі)
- Тұлкі қандай? Тұлкі туралы қандай ертегілер білеміз.
- “Бауырсақ” ертегісінен көрініс.
- Тұлкіге бауырсақ берейік.





Қортындылау:

- Балалар,біз қайда бардық?
- Зообақта не көрдік?
- Полотноға аңдардың аттарын әріптермен тердіру, буынға бөлдіру, дауысты, дауыссызын атау
- Сендерге сабақ ұнадыма?
- Зообақта құстар, аңдар өмір сүреді екен.
- Аңдардың маскаларын кигізіп, мінез-құлқын, жүрісін келтіріп, үйге қайтайық.
- Сау болындар! Біз тағы да келеміз!





№ 34 жалпы орта білім беретін
мектеп

Мектепалды даярлық топ
жетекшісі

*Калиева Бақытгуль
Турганқызы*